# Қазақстан Республикасы Заң шығару Институтының Жаршысы

## ғылыми-құқықтық журнал

**№ 1 (33)**
**2014**

**Меншік иесі және баспагер:**
«Қазақстан Республикасының
Заң шығару институты» ММ

**2006 жылдан бастап шығады**
Журналдың материалдары
http:/www.izrk.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)



**Редакциялық кеңес:**
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили
М.Ш. Қоғамов

**Редакциялық алқа:**
Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Э.О. Дүйсенова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Қаудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нұрмағамбетов
Р.Т. Нұртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев
Т.Ә. Серікбаев
У. Шапақ



Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлік
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.



**Мекен-жайы:**
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz


**МАЗМҰНЫ**


Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің әділет органдарының 2013 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша кеңейтілген алқа отырысына баспасөз релизі, Астана қ., 2014 жылғы 20 ақпан........................................... 7

А.А. СМАҒҰЛОВ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 193-бабын жетілдірудң кейбір мәселелері........................................................................................ 12

***Конституциялық және әкімшілік құқық ......................... 16***

Н.А. БИЕКЕНОВ Қазақстан Республикасындағы киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері............ 16

Л.А. ҚҰСАЙЫНОВА Мемлекеттік қызметтегі заңнама нормалары мен меритократия қағидаттарының арақатынасы туралы................................................................ 21

А.С. ҚОСЖАНОВ Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде нарықтық экономика функцияларын жүзеге асыру әдістері.......................................................... 25

***Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы..................... 30***

Е.Н. НҰРҒАЛИЕВА Шағын кәсіпкерлік субъектілері қызметкерлерінің еңбегін құқықтық реттеу мәселелері..... 30

А.Е. ДӘУІТБАЕВА-МҰХТАРОВА Трансплантологияда адамның ағзалары мен ұлпаларын азаматтық құқықтың ерекше объектілері ретінде пайдалану................................ 35

***Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу........... 40***

С.М. РАХМЕТОВ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жаңа редакциясы жобасы жетілдіруді қажет етеді........................................................................................ 40

Н.А. САРТАЕВА Бала құқығын қылмыстық-құқықтық қорғау: Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен оның жобасының жаңа редакциясына салыстырмалы-құқықтық талдау................................................................ 47

М.Н. БАРАНОВ Бала бақытсыздығының себептері........................................................ 57
Е.Т. НҰРМАҒАНБЕТ, А.Қ. ЖӘНІБЕКОВ Адвокат-қорғаушының дәлелдемелерді жинау құқығын иелену мәселесі........................................................................................ 63

***Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану...............................................*** 69

М.А. СӘРСЕМБАЕВ Қазақстан заңнамасына енгізілетін КО (БЭК) нормаларының құқықтық табиғаты........................................................................................................ 69
А.Ж. САҒИДАН, Э.Т. КӘРІБАЕВА Халықаралық дамуға жәрдемдесудің қазақстандық стратегиясын қалыптастыру.................................................................................... 76
Ж.И. ИБРАГИМОВ Интеграциялық процестердің қалыптасуындағы еуразиялық идеялардың рөлі............................................................................................................. 81

***Құқықтық мониторинг..................................................................................................*** 86

Т.Т. ҒАЛИЕВ Құқықтық мониторинг туралы................................................................ 86

***Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен..........................................................*** 90

Н.М. ПРИМАШЕВ Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалауды ресімдеудің кейбір құқықтық-лингвистикалық мәселелері.................................... 90
С.Х. ЖҰБАНИЯЗОВА Заңнаманы үндестіру: лингвистикалық-құқықтық аспект........... 94
Г.К. АҚЫЛБЕКОВА Нормативті құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалығы мәселелері..................................................................... 98
А.А. МЕДИНАЕВА, Н.А. ХАМЗИНА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі біріздік мәселелері............................................................................................ 102
Ж.С. НҰРҒАЛИЕВА Тіл және терминдер әлемі........................................................... 106
М. ӘБДІРЕЕВА, А.Т. БЕКЕН Заң шығармашылығындағы аударма мәселелері............... 109
А.Т. БЕКЕН Реадмиссия туралы келісімдерді іске асырудағы кейбір мәселелер............ 112

***Шетелдік тәжірибе.........................................................................................................*** 116

Б.В. МАЛЫШЕВ (Киев қ.) Құқықтық жүйені дамытудың нысаналы детерминациясы... 116
Е.А. ВЫСТОРОБЕЦ (Мәскеу қ.) Интерэкоқұқық және экологиялылық........................... 123
Е.А. ЛЕГЕЗА (Днепропетровск қ.) Әкімшілік регламент Украинада әкімшілік қызметтерді ұсыну құралы ретінде..................................................................................... 130
В.В. ГАРКУША (Днепропетровск қ.) Украинада жол жүру ережелерінің бұзылуын автоматты түрде тіркеу.................................................................................................. 136
Н.А. ПОТАПЕНКО (Киев қ.) Құқықтық білім берудің әлеуметтік құндылығы................ 140
Н.А. БАХШИЕВА (Баку қ.) Францияда әкімшілік сот өндірісін ұйымдастыру және оның ерекшеліктері................................................................................................................ 146
Л.Ю. МАНУКОВА (Днепропетровск қ.) АИТВ-инфекция немесе басқа жазылмайтын жұқпалы немесе соз ауруларын жұқтыруға байланысты қылмыс жасау жағдайы........... 150
М.А. КОЛЕСНИКОВ (Днепропетровск қ.) Украинада жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу бойынша әкімшілік қызметтерді ұсынуды жүргізуді белгілеуге қатысты.................................................................................................................... 155
Ж.Т. МУСАЕВА (Бишкек қ.) Пәтер ұрлықтарын жасайтын тұлғалар туралы деректер... 160

*Жас ғалым мінбері*........................................................................................................ 164

Г.К. ТӨЛЕНОВА Тұрғын үй құрылысы қатынастарын заңи рәсімдеу мәселелері........... 164
М.Е. ЖҰМАБАЕВА Модельдік заңнама актілері интеграциялық бірлестіктерге мүше-мемлекеттердің ұлттық заңнамасын жақындату аспабы ретінде.................................... 169
К.К. АХМЕТОВ, Ж.С. ДАЙЫРОВА ЕО корпоративтік заңнамасы интеграциялық процестердің даму факторы ретінде.............................................................................. 172
Р.Е. ЖАҚЫПОВ, М.Х. ХАСЕНОВ Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және кепілдіктер туралы.......................................................................................................................... 176
С.М. ШӘМШІНҰРОВА Тәуелсіз сот: тарихы және қазіргі заманғы жағдайы................ 182
Г.Б. ҚАРЖАСОВА Салықтарды төлеуден жалтарушы тұлғаның демографиялық, әлеуметтік жағдайы.............................................................................................................. 188
О.С. БЕКТИБАЕВА Қылмыстық істер бойынша қорғау жағдайының тактикалық шешу алгоритмінің ұғымы............................................................................................. 193
Д.Ш. ТӨКЕЕВ Польша елі қылмыстық құқығының кейбір ерекшеліктері...................... 197
Т.М. БАЙМАҒАМБЕТОВ Киберқылмыстылық: ақпарат көлемінің жаһандық өсуінің салдары ретінде қылмыстардың кейбір түрлері............................................................. 202
А.К. МАХАМБЕТОВА Сот сараптамасының қылмыстық іс жүргізудегі маңыздылығы.. 208
М.Е. ТҰРҒЫМБАЕВ Мұсылман құқығындағы қылмыс ұғымы мен белгілері мәселелері.................................................................................................................... 212
Д.Қ. АХМЕТОВА Кейбір шетелдік заңнамаларда қылмыс жасаған тұлғаның өзінің кінәсін мойындауының реттелуі.................................................................................... 217
Р.Ж. ҚОЖАХМЕТОВА Жеке сот орындаушысы институты әрекет етуде...................... 223
А.С. МЕЙРМАНОВА Қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талап: негізгі мәселелер және келешекте дамуы............................................................................................. 227
М.О. САРИМОВА Бала асырап алу туралы азаматтық істерді прокурордың қатысуымен қарау.............................................................................................................................. 232

*Ақпараттық хабарламалар* ........................................................................................ 237

2013 ж. 7 қарашада Астана қ. өткізілген «Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру» тақырыбындағы дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама................................................................................ 237
2013 ж. 15-16 қарашада Алматы қ. өткізілген Әкімшілік құқық бойынша «Әкімшілік рәсімдердің жалпы құқығы және оның жария құқықтың арнайы салалары үшін маңызы» атты IV халықаралық конференция туралы ақпараттық хабарлама............................... 241
2014 ж. 5 наурызда Астана қ. өткізілген «Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің жобасы: қазіргі жағдайы және перспективалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция туралы ақпараттық хабарлама.............................................................. 243

*Даналық ойлар* .......................................................................................................... 245

*Мерейтой* ................................................................................................................... 246

ҚР Парламенті Мәжіліс аппаратының редакциялау және аударма бөлімінің меңгерушісі, Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі Дәуітәлі Омашұлына - 55 жыл...... 246
З.ғ.д., профессор Ж.С. Елубаевтың туғанына 60 жыл...................................................... 248
З.ғ.д., профессор М.С. Бейбітовтің туғанына 60 жыл...................................................... 250

# Вестник Института законодательства Республики Казахстан

## научно-правовой журнал

**№ 1 (33)**
**2014**

**Собственник и издатель:**
ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан»

**Издается с 2006 года**
Все материалы журнала размещаются на сайте http:/www.izrk.kz

Включен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по юридическим наукам (Приказ ККСОН МОН РК №894 от 30.05.2013 г. )

**Редакционный совет:**
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили
М.Ч. Когамов

**Редакционная коллегия:**
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Э.О. Дуйсенова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нурмагамбетов
Р.Т. Нуртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова
Т.А. Серикбаев
У. Шапак

Свидетельство о постановке на учет СМИ № 11219-Ж от 15.11.2010 г. Комитета информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан

**Адрес:**
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

**СОДЕРЖАНИЕ**

Пресс-релиз к расширенному заседанию коллегии Министерства юстиции Республики Казахстан по итогам работы органов юстиции за 2013 год, г. Астана, 20 февраля 2014 года........ 7

А.А. СМАГУЛОВ Некоторые вопросы совершенствования статьи 193 Уголовного кодекса Республики Казахстан....... 12

***Конституционное и административное право ............. 16***

Н.А. БИЕКЕНОВ Некоторые проблемы обеспечения кибербезопасности в Республике Казахстан........ 16

Л.А. КУСАИНОВА О соотношении норм законодательства и принципов меритократии на государственной службе........ 21

А.С. КОСЖАНОВ Методы осуществления функций рыночной экономики в Республике Казахстан как правовом государстве........ 25

***Гражданское и гражданско-процессуальное право........... 30***

Е.Н. НУРГАЛИЕВА Проблемы правового регулирования труда работников субъектов малого предпринимательства 30

А.Е. ДАУТБАЕВА-МУХТАРОВА Использование органов и тканей человека в трансплантологии, как особых объектов гражданского права........ 35

***Уголовное право и уголовный процесс................................ 40***

С.М. РАХМЕТОВ Проект новой редакции Уголовного кодекса Республики Казахстан нуждается в совершенствовании........ 40

Н.А. САРТАЕВА Уголовно-правовая охрана прав детей: сравнительно-правовой анализ Уголовного кодекса Республики Казахстан и проекта его новой редакции.......... 47

М.Н. БАРАНОВ Причины детского несчастья........ 57
Е.Т. НУРМАГАНБЕТ, А.К. ЖАНИБЕКОВ Проблемы правообладания в собирании доказательств адвоката-защитника........ 63

*Международное право и сравнительное правоведение........* 69

М.А. САРСЕМБАЕВ Правовая природа норм ТС (ЕЭП), инкорпорируемых в законодательство Казахстана........ 69
А.Ж. САГИДАН, Э.Т. КАРИБАЕВА Формирование казахстанской стратегии содействия международному развитию........ 76
Ж.И. ИБРАГИМОВ Роль евразийских идей в становлении интеграционных процессов...... 81

*Правовой мониторинг........* 86

Т.Т. ГАЛИЕВ О правовом мониторинге........ 86

*Из практики законотворчества на государственном языке........* 90

Н.М. ПРИМАШЕВ Некоторые юридико-лингвистические проблемы регламентации государственного контроля и надзора в Республике Казахстан........ 90
С.Х. ЖУБАНИЯЗОВА Гармонизация законодательства: лингвистическо-правовые аспекты........ 94
Г.К. АКЫЛБЕКОВА Проблемы аутентичности текстов нормативно-правовых актов на казахском и русском языках........ 98
А.А. МЕДИНАЕВА, Н.А. ХАМЗИНА Вопросы единообразия Гражданского кодекса Республики Казахстан........ 102
Ж.С. НУРГАЛИЕВА Мир языка и терминов........ 106
М. АБДРЕЕВА, А.Т. БЕКЕН Вопросы перевода в законотворчестве........ 109
А.Т. БЕКЕН Некоторые вопросы реализации соглашений о реадмиссии........ 112

*Зарубежный опыт........* 116

Б.В. МАЛЫШЕВ (г. Киев) Целевая детерминация развития правовой системы........ 116
Е.А. ВЫСТОРОБЕЦ (г. Москва) Интерэкоправо и экологичность........ 123
Е.А. ЛЕГЕЗА (г. Днепропетровск) Административный регламент как средство предоставления административных услуг в Украине........ 130
В.В. ГАРКУША (г. Днепропетровск) Автоматическая фиксация нарушений правил дорожного движения Украины........ 136
Н.А. ПОТАПЕНКО (г. Киев) Социальная ценность правового образования........ 140
Н.А. БАХШИЕВА (г. Баку) Организация и особенности административного судопроизводства во Франции........ 146
Л.Ю. МАНУКОВА (г. Днепропетровск) Обстановка совершения преступлений, связанных с заражением ВИЧ-инфекцией, или другой неизлечимой инфекционной болезнью, или венерическими болезнями........ 150
М.А. КОЛЕСНИКОВ (г. Днепропетровск) Относительно определения производства предоставления административных услуг по государственной регистрации прав на недвижимое имущество в Украине........ 155
Ж.Т. МУСАЕВА (г. Бишкек) Данные о лицах, совершающих квартирные кражи........ 160

*Трибуна молодого ученого* ........ 164

Г.К. ТУЛЕНОВА Вопросы юридического оформления отношений по строительству жилых домов........ 164
М.Е. ЖУМАБАЕВА Модельные законодательные акты как инструмент сближения национального законодательства государств-членов интеграционных объединений........ 169
К.К. АХМЕТОВ, Ж.С. ДАИРОВА Корпоративное законодательство ЕС как фактор развития интеграционных процессов........ 172
Р.Е. ЖАКУПОВ, М.Х. ХАСЕНОВ О минимальных социальных стандартах и гарантиях........ 176
С.М. ШАМШИНУРОВА Независимый суд: история и современность........ 182
Г.Б. КАРЖАСОВА Социально-демографическое состояние личности преступника, уклоняющегося от уплаты налогов........ 188
О.С. БЕКТИБАЕВА Понятие алгоритма тактического разрешения ситуации защиты по уголовным делам........ 193
Д.Ш. ТОКЕЕВ Некоторые особенности уголовного права Польши........ 197
Т.М. БАЙМАГАМБЕТОВ Киберпреступность: некоторые виды преступлений, как следствие глобального роста объема информации........ 202
А.К. МАХАМБЕТОВА Важность судебной экспертизы в уголовном процессе........ 208
М.Е. ТУРГУМБАЕВ Проблемы понятия и признаков преступления в мусульманском праве........ 212
Д.К. АХМЕТОВА Урегулирование признания лицом своей вины в совершении преступления в некоторых зарубежных законодательствах........ 217
Р.Ж. КОЖАХМЕТОВА Институт частного судебного исполнителя в действии........ 223
А.С. МЕЙРМАНОВА Гражданский иск в уголовном деле: проблемы и перспективы развития........ 227
М.О. САРИМОВА Рассмотрение гражданских дел об усыновлении (удочерении) с участием прокурора........ 232

***Информационные сообщения*** ........ 237

Информационное сообщение о круглом столе «Гармонизация законодательства государств-членов Таможенного союза и Единого экономического пространства», г. Астана, 7 ноября 2013 г........ 239
Информационное сообщение о IV-й Международной конференции по административному праву «Общее право административных процедур и его значение для специальных отраслей публичного права» г. Алматы, 15-16 ноября 2013 г........ 242
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Проект Предпринимательского кодекса Республики Казахстан: состояние и перспективы», г. Астана, 5 марта 2014 г........ 244

***Мудрые мысли*** ........ 245

***Юбилеи*** ........ 246

Зав.отделом редактирования и перевода Аппарата Мажилиса Парламента РК, члену Государственной терминологической комиссии Дәуітәлі Омашұлы – 55 лет........ 246
Д.ю.н., профессору Елюбаеву Ж.С. – 60 лет........ 248
Д.ю.н., профессору Бейбитову М.С. – 60 лет........ 250



***Бекен Аяна Тоқсанбайқызы,***
*ҚР Заң шығару институты Лингвистика орталығы НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының кіші ғылыми қызметкері*

# РЕАДМИССИЯ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДЕРДІ ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Бүгінгі күні кеңінен етек алып жатқан қарқынды иммиграциялық процестер мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінің өзектілігін нықтай түсуде. Заңсыз миграциямен күрестің басым бағыттарының бірі ретінде осы саладағы, әсіресе, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мүше мемлекеттерімен (ТМД) ынтымақтастықтың, реадмиссия туралы келісімдерді әзірлеу мен жасасуды қоса алғанда, халықаралық-құқықтық базасын жетілдіру болуы қажет.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының қатысуымен реадмиссия туралы келісімдерді жасасу процесін жандандыруға бағытталған бірқатар халықаралық актілер әзірленгенді. Осылайша, ТМД мүше мемлекеттерінің 2009-2011 жылдарға арналған заңсыз миграциямен күрес саласындағы ынтымақтастық бағдарламасының 1.1.3-тармағына сәйкес ТМД мүше мемлекеттерінің реадмиссия туралы екіжақты келісімдерді жасасуы процесін 2011 жылға дейін аяқтау ұсынылған [1]. Реадмиссия туралы келісімдерді жасасу ТМД мүше мемлекеттерінің құқық қорғау органдары мен миграциялық қызметтерінің миграциямен күрес саласындағы ынтымақтастығының басты бағыттарының бірі ретінде айқындалған. 1998 жылғы 6 наурыздағы ТМД мүше мемлекеттерінің заңсыз миграциямен күрес саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге мүше мемлекеттердің бірлескен комиссиясы да заңсыз миграциямен күрес ісіндегі жоғары практикалық тиімділігі бар халықаралық-құқықтық құрал болып табылатын реадмиссия туралы келісімдерді екіжақты негізде жасасу жұмысының іске асуына ерекше назар аударған болатын [2].

Реадмиссия туралы келісімдерді жасасу процесін жылдамдатуға жанама бағытталған қадамдардың тағы бірі ретінде 2008 жылғы 14 қарашадағы ТМД мүше мемлекеттерінің еңбекші мигранттары мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны атап өтуге болады. Аталған актінің 16-бабына сәйкес еңбекші мигранттардың қабылдаушы тарапта болу мерзімі аяқталғаннан кейін және ақылы еңбек қызметін көрсеткеннен кейін, сондай-ақ қабылдаушы тараптың миграциялық заңнамасын бұзған жағдайда, қабылдаушы тарап пен еңбекші мигранттар тұрақты тұратын тарап оларды кері қайтару мәселесін шешуге қатысты барлық қолда бар шараларды, оның ішінде реадмиссия туралы келісімдерді жасасу арқылы да қолданады [3].

Дегенмен, реадмиссия туралы келісімдерді жасауға кедергі келтіретін бірқатар факторлар да орын алады. Олардың ішіндегі ең негізгісі – елеулі қаржылай шығындар. Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретіндегі реадмиссияны іске асыру реадмиссиялауға жататын тұлғаларды айқындаумен, оларды ұстаумен, құжаттамалық қамсыздандырумен, арнайы мекемелерде ұстаумен, оларды қабылдаушы мемлекетке берумен байланысты айтарлықтай шығындарды қажет ететіні белгілі.

Осыған орай, реадмиссия туралы әрбір жеке алынған келісімді жасасуды экономикалық тұрғыдан егжей-тегжейлі негіздеу қажеттілігі туындайды. Осылайша, Қазақстан мен еуропалық елдер арасындағы реадмиссия туралы келісімді жасасудың әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау қиынға соғады. Оның қазақстандық тараппен орындалуы бірқатар әлеуметтік-экономикалық проблемалардың пайда болуымен ғана емес, сонымен қатар, құқықтық сипаттағы мәселелермен де ұштасатын болады. Көптеген мигранттар үшін транзитті мемлекет болып табылатын Қазақстан заңсыз мигранттардың «донорлары» саналатын көршілес мемлекеттермен тиісті келісімдерге әлі де отырмаған. Сол себепті мұндай азаматтарды одан әрі өткізудің айтарлықтай қиындықтар туғызатыны анық.

Заңсыз мигранттармен қамсыздандырушы

мемлекеттердің реадмиссия туралы келісімдерді жасасуға ниет білдірмейтіндері түсінікті де. Бұл орайда «донор» мемлекеттерді осындай келісімдерді жасасуға ынталандыратын шараларды қолдану практикасы айтарлықтай қызығушылық туғызады. Бұған көрнекі мысал ретінде аумағы арқылы Еуропаға заңсыз мигранттардың негізгі ағыны келіп түсетін Украинаға қатысты ЕО-тың саясатын атап көрсетуге болады. Атап айтқанда, «Миграциялық процестерді басқару саласындағы әлеуетті нығайту» жобасы шегінде ЕО Волын және Черниговск облыстарында заңсыз мигранттарды уақытша ұстауға арналған екі пунктіні салуға қаражат бөлген болатын. Ынталандыру саяси құралдар арқылы да іске асуы мүмкін. Мәселен, ЕО-тың Ресей Федерациясына қатысты ынталандыру шарасы калининградтық транзит бойынша дауларды реттеу болып табылды.

Реадмиссия туралы келісімдерді жасасу кезінде сұрау салынатын мемлекеттің осы келісімдер шеңберіндегі міндеттемелерін орындау бойынша қаржы-экономикалық мүмкіндіктерін бағалау маңызды орынға ие, сонымен қоса, қажет болған жағдайда, аталмыш келісімдер шеңберіндегі міндеттемелерді орындамау салдарынан туындаған қарызды өтеудің балама әдістерін қосымша көздеген жөн.

Реадмиссия шығындарын өтеу тетігінің жеткілікті деңгейде ойластырылмағандығы мәселесі де ерекше көңіл аударарлық. Осылайша, бүгінгі таңда мұндай механизм Қазақстан Республикасының қатысуымен жасалған келісімдерде негізінен реттелмеген.

Бұл саланы зерттеушілердің пікірінше, реадмиссияны іске асыруға мемлекет тарапынан жұмсалған айтарлықтай қаржылай және материалдық шығындар мәселесін тиісті шығындарды реадмиссиялауға жататын тұлғалар есебінен өтеу жөніндегі механизмді әзірлеу мен енгізу жолымен ішінара шешуге болады. Айта кетерлік жайт, шығындар өзге субъектілер қаржысы есебінен де өтеле алады.

Реадмиссия туралы келісімдерді орындау қиындықтары мемлекетаралық өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеу қажеттілігімен де етене байланысты. Себебі реадмиссия бойынша іс-шараларды іске асыруға бірнеше мемлекеттің мемлекеттік билік органдары қатысады. Одан басқа, реадмиссияның жекелеген сатыларын іске асыру кезінде мемлекетішілік деңгейде ведомствоаралық өзара іс-қимылды барынша тиімді түрде ретке келтірген маңызды. Әртүрлі мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара іс-қимылын айтарлықтай қиындататын мән-жайлардың бірі ретінде реадмиссия мәселелерінің мемлекеттік биліктің әртүрлі органдары құзыретіне кіретіндігін атап өтуге болады. Бұл мәселені миграция саласындағы органдардың, құқық қорғау органдарының өзара іс-қимыл туралы келісімдерге отыруы арқылы шешуге болады деп пайымдаймыз.

Реадмиссия туралы келісім мәтіндерін әзірлеу мен оларды одан әрі іске асыру барысында басты назар ұлттық және халықаралық актілер ережелерін ескере отырып, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуіне аударылуы тиіс. Реадмиссия туралы келісімді іске асыру кезінде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мәселесі Қазақстан Республикасына ғана тән емес екенін атап өткен жөн. Осылайша, 2009 жылғы қаңтарда қызметі адамның (оның ішінде, мигранттардың да) құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен тікелей не жанама байланысты 20-дан астам халықаралық ұйым реадмиссия туралы келісімдерге қатысты ашық хат жариялады. Онда аталмыш келісімдерді іске асыру барысында жол берілген негізгі бұзушылықтар жайында баяндалған [4].

Еркін жүріп-тұру, мекендейтін жерді және тұрғылықты мекенжайды өз қалауынша таңдау құқығы кез келген санаттағы мигранттардың құқықтық мәртебесінің ажырамас бөлігі болып табылады, ол адам құқықтары жөніндегі көптеген іргелі халықаралық актілерде әмбебап, тұлғалар шеңбері бойынша шектелмеген құқық ретінде бекітілген. Бұл ретте айта кетерлік жайт, еркін жүріп-тұру құқығы абсолютті сипатқа ие емес.

Халықаралық нормалар жүріп-тұру бостандығын шектеу мүмкіндігін де көздейді: еркін жүріп-тұру құқығы және тұрғылықты мекенжайды өз қалауынша таңдау бостандығы, сондай-ақ өзінің туған елін тастап шығуға құқық мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен имандылығын немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажет болған жағдайда және тек заңда көзделген шектеулердің объектісі бола алады[5].

Жүріп-тұру бостандығына құқық бір мемлекет аумағы шегінде болсын, халықтың халықаралық қозғалысы шегінде болсын шектеусіз болып табылмайды, қос жағдайда да халықаралық құқық нормалары мемлекеттерге өз азаматтарының, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың жүріп-тұру еркіндіктерін шектеуіне мүмкіндік береді, алайда, бұл ретте мұндай шектеулердің мақсаттары мен шарттары міндетті түрде ескерілуі керек [6; 70 б.].

Жалғыз ерекше жағдай ретінде азаматтың өз еліне қайту құқығын атап көрсетуге болады. Азаматтық тиесілігі бойынша өз еліне қайту құқығына халықаралық актілердің кепіл болуы мемлекеттің өз азаматтарын кері қабылдау міндетімен қамтамасыз етілуі тиіс. Осы ереже негізінде реадмиссия туралы екіжақты және көпжақты келісімдер жасалады.

Реадмиссиямен байланысты негізгі мәселелердің бірі 1951 жылғы 28 шілдедегі босқындар мәртебесі туралы конвенцияға сәйкес қайту елінде қауіп төнетін жағдайда мәжбүрлеп қайтарылуға жатпайтын тұлғалардың құқықтарын мемлекеттердің сақтауы болып табылады [7].

Одан басқа, 1984 жылғы 10 желтоқсандағы азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция сәйкес (3-бап), егер оған азаптауларды қолдануға қауіп келтіретінін болжауға айтарлықтай негіз болса қандайда бір адамды басқа мемлекетке жіберуге, қайтаруға немесе беруге жол берілмейді [8]. Бұл норманың қолданысы тұлғалар шеңбері бойынша шектелмегендіктен, азаптауларды қолдануға қауіп келтірілген кез келген адам реадмиссиялануға жатпайды. Осы саладағы жағдай мигранттар тарапынан баспана беру немесе босқын ретінде тану туралы өтініш беру бөлігіндегі құқықтарын асыра пайдалануларының көптеген фактілерімен күрделенуде. Мемлекеттік билік органдары үшін олардың ішінен босқын деп тану немесе баспана алу талаптарына шынайы сай келетіндерін іріктеп алу қиынға соғуда. Тиісті рәсімдер тексерістер өткізу мен елеулі уақыт шығынын талап етеді.

Сонымен қатар, назар аударарлық жағдай, Қазақстан тарапымен жасалған реадмиссия туралы келісімдерде де, реадмиссиямен байланысты мәселелерді реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерде де реадмиссиялауға жататын тұлға туралы тиісті ақапаратты оның туыстары мен жақындарына беру мүмкіндігі көзделмеген. Осы орайда ақпаратты қорғау мәселесі туындайды.

Ауыр науқастанған тұлғалардың реадмиссиялануы туралы мәселе де қосымша реттеуді қажет етеді. АҚТҚ инфекцияланған шетел азаматтарын елдеріне қайтару жөніндегі істерде Адам құқықтары жөнінде еуропалық сот (АҚЕС) өтініш беруші азаматы болып табылатын елдегі денсаулық сақтау жүйесінің мүмкіндіктері мен ауру дамуының кезеңдерін ескере отырып, әрбір істі жеке-дара әрі икемді тәртіпте қарайды (АҚЕС-тың 1997 жылғы 21 сәуірдегі Д. Мен Ұлыбритания ісі бойынша қаулысы).

Қорытындылай келе, белгілі болғандай, реадмиссия туралы келісімдерді жасасу мен оларды іске асырудың қиындығы реадмиссия туралы келісімдерді іске асыру мақсатында туындайтын міндеттемелерді орындауға жұмсалатын елеулі қаржылай шығындармен, миграция мәселесін реттеу мен миграциялық саясатты жүргізуде түрлі әдістерді қолданумен, миграциялық заңнаманы гармонизациялаудағы қиындықтармен, ұлттық құқықтық жүйелердің ерекшеліктерімен, сондай-ақ ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру қажеттілігімен ұштасады. Бұл орайда, келісімдер нақты алынған мемлекетпен арадағы миграциялық процестер ерекшеліктері мен сипаты ескеріле отырып әзірленуі тиіс деп санаймыз. Ал келісім мәтіндерінің мазмұнына келер болсақ, оны реадмиссиялауға жататын тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған ережелерді енгізу арқылы жетілдіруге болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Программа сотрудничества государств-участников Содружества Независимых Государств в противодействии незаконной миграции на 2009-2011 годы // http://cis.minsk.by/page.php?id=18807

2. Решение Совета глав правительств СНГ «Об Отчете Совместной комиссии государств-участников Соглашения о сотрудничестве государств-участников Содружества Независимых Государств в борьбе с незаконной миграцией от 6 марта 1998 года»// http://cis.minsk.by/reestr/ru/printPreview/text?id=2538&serverUrl=http://cis.minsk.by/reestr/ru

3. Конвенция о правовом статусе трудящихся-мигрантов и членов их семей государств-участников СНГ от 14 ноября 2008 // http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000235

4. Open letter about readmission agreements send to the Union Council and European Commission // www.migreurop.org/article1350.html

5. Международный пакт о гражданских и политических правах от 16 декабря 1966 г. (ст. 12) // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpol.shtml

6. Подшивалов В.Е. Незаконная миграция: международно-правовые проблемы. Иркутск, 2006. С. 70.

7. Конвенция о статусе беженцев от 28 июля 1951 г. // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/refugees.shtml
8. Конвенция против пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания от 10 декабря 1984 г. // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/torture.shtml
9. Постановление ЕСПЧ от 21 апреля 1997 г. по делу Д. против Великобритании// http://europeancourt.ru/uploads/ECHR_D_v_the_United_Kingdom_02_05_1997.pdf

*Мақалада реадмиссия туралы келісімдерді жасасу және іске асыру кезіндегі мәселелер қарастырылады.*
***Түйін сөздер:*** *реадмиссия туралы келісімдер, миграциялық процестер.*

*В статье рассматриваются вопросы при заключении и реализации реадмиссионных соглашений.*
***Ключевые слова:*** *реадмиссионные соглашения, миграционные процессы.*

*Issues of the conclusion and implementation of readmission agreements are mentioned in the article.*
***Keywords:*** *readmission agreements, migration process.*

**Аяна Тоқсанбайқызы Бекен,**
ҚР Заң шығару институты Лингвистика орталығы НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының кіші ғылыми қызметкері
**Реадмиссия туралы келісімдерді іске асырудағы кейбір мәселелер**

**Бекен Аяна Токсанбаевна,**
младший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК
**Некоторые вопросы реализации соглашений о реадмиссии**

**Beken Ayana Toksanbayevna,**
junior Researcher fellow of the sector of scientific-linguistic expertise of legal acts and international agreements of the Linguistic Center of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan
**Some issues of implementation of readmission agreements**